

1-апта
Дәріс №1-2
Пәнге кіріспе

1. Пәннің мақсаты мен міндеттері
2. Пәнді оқытудың практикалық маңызы

Біріншіден, бірқатар зерттеу әдістері мен тәсілдемелері сипатталады және деректер жинауға кіріспестен не істеу керек екендігі талқыланады. Зерттеуді бастамастан бұрын сіз зерттеуші ретінде әр зерттеу әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы білуіңіз қажет, бұл сіздің деректеріңізді жинау үшін қайсы әдістің/тәсілдеменің қолайлы екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Келесі зерттеуді жоспарлау және құрылымдау, сондай-ақ осы процесс барысында қалай жазбалар жасауға болатындығы талқыланады. Дәл қазір есеп жазу (research report) ұзақ болып көрінгенімен, сіз өз зерттеуіңіздің/есебіңіздің қалай ұйымдастырылатындығын елестетіп, оның аяқталған кезде қалай көрінетінін бағалай білуіңіз маңызды. Зерттеу есептерінің белгілі бір форматтары болады, олардың арасында сіз ойлағаннан әлдеқайда аз айырмашылықтар бар және зерттеуді қалай ұсыну керектігін түсіну әу бастан маңызды.

Бұл дәрісте сіздердің ғылыми жобаларыңызда қолдануға болатын әртүрлі тәсілдемелерге шолу жасаймыз. Онда әртүрлі зерттеу стилдері мен әдіснамаларының қысқаша сипаттамалары, сонымен қатар өз зерттеуіңіздің тәсілдемесін түсінуге көмектесетін қосымша оқу материалдары ұсынылады. Зерттеу жобасын бастамас бұрын дайындық оқуыңыз үшін сипатталған негізгі тәсілдемелердің әрқайсысы үшін әрі қарай толық оқу материалдарының тізімдері туралы айтатын боламын.

2-апта
Дәріс №3-4
Лингвистикадағы зерттеу әдістері

1. Зерттеу әдісі туралы
2. Зерттеудің сапалық және сандық әдістерінің арақатынасы

Бұл тарауда сандық және сапалық әдістер дегеніміз не, соларға ғылыми түсінік беріледі. Сапалық әдістің сандық әдістен айырмашылығы түсіндіріледі. Зерттеулерде аталған әдістерді қалай қолдану керектігіне нұсқаулықтар беріледі. Сапалық әдістің түрлері айтылады. Сандық және сапалық зерттеулер арасындағы айырмашылықты түсіндіру. Іс-әрекетті зерттеу, кейс-зерттеу, сауалнама мен эксперименттік тәсілдемелерге шолу, олардың артықшылықтары мен шектеулері. Этнографиялық зерттеуге, негізделген теорияға және әңгімелесу теориясына кіріспе.

Тәсілдемені сандық немесе сапалық, этнографиялық, сауалнама, іс-әрекетті зерттеу немесе басқа деп жіктеу тәсілдеме таңдалған соң зерттеуші әдетте сол стильмен байланысты әдістерден бас тарта алмайды дегенді білдірмейді. Әрбір тәсілдеменің өзінің күшті және әлсіз жақтары бар және олардың әрқайсысы белгілі бір контекстке сәйкес келеді. Қабылданған тәсілдеме және деректерді жинаудың таңдалған әдістері сұраныстың сипатына және қажетті ақпарат түріне байланысты болады.

3-апта
Дәріс №5-6

1. Зерттеу әдістерінің түрлері
2. Сандық зерттеулер туралы
3. Сапалық зерттеулер туралы

Сапалық дерек дегеніміз – тақырыптық зерттеуді қолданып талданатын сөздер, суреттер немесе белгішелер; ал сандық деректер сандар арқылы беріледі және статистиканы пайдалану арқылы талданады. Дегенмен сандық және сапалық дәстүрлер, өкінішке қарай, зерттеушінің тұтас түсінік қалыптастыру әлеуетін шектеп, әдістерді дихотомияландыруы мүмкін. Мысалы, сандық зерттеу көп жағдайда гипотеза, айнымалылар мен статистикаға жүгінеді, кең ауқымды, бірақ аса терең емес сингулярлы ақиқатты тапқысы келетін объективті позитивистік ізденіс ретінде сипатталады. Ал сапалық зерттеу терең зерттеу арқылы сан түрлі өмір шындығын қабылдайды және позитивистік қағидаларды мойындамайды.

Сандық тәсіл – сандық деректерге (сандық деректер, сондай-ақ біз сандармен таңбалайтын ұғымдар) жүгінетін зерттеу тәсілі. Көбінесе реализм, эмпирицизм және позитивизмге тиесілі ұйғарымдарға сүйенеді.

Сандық әдістер адамдар заттарды санай бастағаннан бері бар. Бірақ Огюст Конттың позитивистік философиясымен ғана ол «ғылыми әдіске» айналды.

Сандық зерттеулер алғашқы деректерді жинау және талдауды сипаттайды. Бұндай зерттеулер нақты, статистикалық сандық деректер қажет болғанда жүргізіледі. Сандық зерттеулер әдісінің негізінде нақты математикалық және статистикалық моделдер жатыр, нәтижесінде зерттелетін көрсеткіштердің нақты сандық мәндеріне ие боламыз.

Бұл ғылыми әдіс келесі үдеріске сүйенеді:

- Теорияларды немесе гипотезаларды құру (яғни не болатынын болжау)
- Құбылысты өлшейтін құралдарды жасау (түсірілім, термометр және т.б.)
- Эмпирикалық (өлшенген) мәліметтерді жинау
- Мәліметтерді талдау (сіз болжағандай болды ма?)

Сандық әдістер құбылыстарды түсіндіруге емес, оларды өлшеуге арналған.

Сапалық әдістер дегеніміз - құбылыстарды адам тұрғысынан сипаттау және талдау. Сапалық әдістер туралы көптеген әртүрлі философиялық көзқарастар бар, бірақ тұтастай алғанда олар бір нәрсемен келіседі: кейбір заттарды стандартталған құралдармен өлшеу өте күрделі немесе мүмкін емес.

Сапалық деректер сандардан емес, сипаттамалардан, метафоралардан, символдардан, дәйексөздерден, талдау, түсініктер мен сипаттамалардан жасалады. Мұнда сұхбаттар, жазбаша мәтіндер, көркем суреттер, фотосуреттер және басқа да «қалың» материалдар қолданылып, адам басынан кешкен оқиғалардың мағынасын түсіну үшін және осы тәжірибелердің адамдар үшін нені білдіретінін түсіну үшін қолданылады.

Басқаша айтқанда, сандық әдістер «не» және «қанша» деп сұраса, сапалық әдістер «неге?» және «қалай?» деп сұрайды.

4-апта

Дәріс №7-8

Анкета әдісі

1. Анкета әдісі туралы
2. Анкетаны дайындау және жүргізу

Анкеталық әдіс - қоғамдық тұрмыс пен әлеуметтік жағдайды зерттеудің нақтылы социологиялық әдісінің бірі. Анкеталық әдіс көпшіліктің белгілі бір мәселеге қатысын немесе пікірін анықтау үшін қолданылады.

Анкеталық әдіс қолданылғанда жауап берушілердің аты-жөніне ерекше мән беріледі. Егер бұл шарт дұрыс орындалса, зерттеуде қажетті мәліметтің алынуы қамтамасыз етіледі. Анкеталық әдіс арқылы жиналған мағлұматтарды талдау кезінде алынған мәліметтердің объективтік шындыққа сәйкестігіне көп мән беріледі. Сондықтан зерттеуге тиісті әлеуметтік топтардың бір типті болуын мұқият қадағалаған жөн. Ол үшін анкеталарды таратпастан бұрын зерттелетін объектінің (әлеуметтік топ, ұжым т.б.) белгілі бір қоғам құрамындағы алатын орнын анықтау қажет және сұрақтардың қисынды болуы, соңғы сұрақтар алдыңғы сұрақтармен ұштасып, объектінің мәнін тереңірек қамтуы тиіс.

Нақтылы социологиялық зерттеулерді жүргізгенде, анкеталарды қанша адамға тарату керек екендігі, зерттеудің мақсаты мен міндетіне қарай адамдарды сұрыптау, олардың білім дәрежесін, әлеуметтік күйін т.б. жағдайларын алдын ала анықтау, осыған байланысты анкеталар таратылатын адамдарды топтарға бөлу мәселелерін ғылыми тұрғыдан шешу қажет.

Анкета дайындау мен жүргізуде мынаны басты назарға аламыз:

- *Тұжырымдарды операциялдау*
- *Қолда бар мүмкіндіктерді анықтау*
- *Сұрақ әзірлеу*
- *Жауап санаттарын анықтау*
- *Шолу*
- *Сұрақтарды қайта жазу*
- *Сұрақтарды реттеу*
- *Нұсқаулық жазу*
- *Пішін*
- *Ілеспе хат/кіріспе сөз жазу*

5-апта

Дәріс №9-10

Анкета әдісі

1. Анкета түрлері мен сұрақтары
2. Анкетаның этикалық мәселесі

Анкеталық әдістің екі түрі бар:

1) **интервью-анкета** (анкеталарды белгілі бір адам арқылы таратып, ондағы сұрақтарға жауап алу);

2) **сырттай сұрастыру** (сұраққа жауап берушілер анкеталарды интервью алушылардың қатысуынсыз толтырады).

Анкеталық қолдануда сұрақ қоюдың бірнеше түрі болады.

1) **Дихотомиялық сұрақ** (жауап берушілерден "ия", "солай", "жоқ", "олай емес" т.б. сөздердің астын сызу немесе тұсына белгі қою арқылы өзінің пікірін білдіру талап етіледі).

2) **Жабық анкета** (сұраққа беретін жауаптардың бірнеше нұсқалары тізіледі де, жауап беруші солардың бірін белгілеу арқылы өз пікірін білдіреді).

3) **Ашық анкета** (жауаптын мазмұнына ешбір шек қойылмайды) - неғұрлым мазмұнды, толық мәлімет алудың тиімді жолы.

6-апта

Дәріс №11-12

Корпусқа негізделген зерттеу әдісі

1. Корпусқа негізделген талдау әдісі туралы
2. Корпус құру және аннотациялау

3. Корпура типтері мен қосымшалары

Қазіргі таңда технологияның жедел дамуы тіл білімінде жаңа салалардың тууына алып келді. Осындай саланың бірі – қолданбалы лингвистиканың аясында пайда болған – корпустық лингвистика саласы. «Корпус» дегеніміз компьютердің жадына электронды түрде негізделген лексикалық, грамматикалық бірліктері толықтай қамтылған мәтіндер жиынтығы.

Корпустың маңыздылығы оның мәтінді аннотациялауында, соның негізінде сөз қолданысының коммуникативтік-прагматикалық қызметін айқындайтын мәтіндерге талдау жасау мақсаты қойылуында. Корпусқа енгізілетін мәтіндер әр түрлі жанрларды (көркем әдеби тіл, публицистика, ғылыми-техникалық мәтіндер т.б.) қамтиды. Мәтіндерді іріктеу семантикалық талдау жасау компьютердің мүмкіндігіне орай жасалады. Яғни бұл жүйедегі зерттеу ауқымының сандық сипаты мен сапалық мәні сабақтастығы. Компьютерлік технологияның көпқырлылығы мәтін лингвистикасы, мәтіндік талдау мәселелерінің қарқынды дамуына үлкен мүмкіндік туғызады. Осы ғылымның пайда болуы және ақпараттандыру жүйесі мен ғаламтордың жаһандануы, тіл біліміне үлкен өзгерістер енгізілді. «Корпустық лингвистика» ғылым саласы ретінде қазақ тіл біліміне енді ғана еніп келді. Қазақ тіл білімінде корпустық лингвистиканың бастапқы теориялық негіздері, бастау ұғымдары туралы ұлттық әдеби мәтіндер корпусының мақсат-міндеттері мен оларға қойылатын талаптар және т.б. мәселелер ғылыми талқыға түсуде.

Корпустық лингвистика мен оған қатысты пікірталастар айтарлықтай дәрежеде теоретикалық және эмпирикалық білім аяларының ең ұтымды арақатынастарын іздестіру жолдарын бейнелейді деуге болады.

Корпустық лингвистика 1963 жылы АҚШ-та пайда болған, Браун корпусынан The Brown Standart Corpus of American English бастамасын алады. Бұл корпустың көлемі 1млн сөз қолданыстан тұрады және құрамында 2мың сөз қолданысқа тең 500 мәтін енгізілген. Ғалымдар У.Н.Фрэнсис пен Г.Кучер бұл корпусты құрастыру үшін мынадай қағидалар мен қағидастарды ұстаным еткен:

- Мәтіндерді синхрондау мезгілдік үйлестіру үшін АҚШ-та 1961жылы алғаш рет баспадан шыққан еңбектерді алу.
- Жанрлардың арақатынасын таңдау жұмыстары үшін ерекше ықтималдықтар рәсімін қолдану барлығы 15 жанр 9 ақпараттық проза 6 көркем проза әрбір жанрдан 6-дан 80-ге дейін элементтерге таңдама мәтін алу.
- Мәтіндерді таңдауға қойылатын талаптарды айқындау мен тұжырымдау әр мәтіннің көлемі статистикалық тұрғыда оның стильдік ерекшеліктерін ақиқат дәрежеде бейнелеуін ескеру.
- Жанрлардың құрамы мен арақатынасы стильдік ерекшеліктері мен қатынастық салмағы барабарлық деңгейде болуы қажет.

Корпустық лингвистиканың ағылшын тілі материалында туындауы мен қалыптасуын ғалымдар АҚШ-та компьютерлік техника мен XX ғасырдың 60-80 жылдары Британ лингвистикасындағы интеллектуалды ортаның белсенді даму жағдаятымен түсіндіреді. Осы кездерде компьютерленген мәтіндік корпустарға лингвистикалық талдау жүргізу тілдік зерттеулердің ең көп бөлігін қамти бастағаны мәлім. Ғылымды институттендіру нәтижесі 2001 жылы Бирмингем университетінде корпустық лингвистика кафедрасын ашуға және International Journal of Corpus Linguistics журналын баспадан шығарып тұруға мүмкіндік берді. Бірнеше тілдердің материалдарында құрастырылған түрі мен қызметі жағынан ерекшеленетін корпустар және солардың негізінде құрастырылған неше түрлі сөздіктер мен грамматикалық пайда болды.

Корпусқа негізделген зерттеу әдісі

1. Корпора типтері мен қосымшалары
2. Корпус зерттеулері

*Корпус лингвистикасы - корпорацияда (немесе *корпуста*)* сақталатын «шынайы өмір» тілінің үлкен жиынтығы негізінде лингвистикалық зерттеулер үшін құрылған компьютерлендірілген деректер базасын зерттеу. Сондай-ақ *корпусқа негізделген зерттеулер* деп те аталады.

Корпус лингвистикасын кейбір тіл мамандары зерттеу құралы немесе әдіснамасы ретінде, ал басқалары өз бетімен пән немесе теория ретінде қарастырады. Кюблер мен Зинсмейстердің пікірінше, «корпус лингвистикасы теория немесе құрал бола ма деген сұраққа жауап ретінде Корпус лингвистикасы қалай қолданылғанына байланысты ол екеуі де болуы мүмкін» деген тұжырымды алға тартады.

(*Corpus Linguistics and Linguistically Annotated Corpora* , 2015).

Лингвистикалық корпус дегеніміз – әр түрлі стильге, тілге, жанрға қолдану аясына байланысты электронды түрде біріккен мәтіндер жинағы. Мәтіндерді іздеп, лексикалық бірліктердің қолдануын көрсететін және үлкен көлемді мәтіндерді талдайтын бағдарламаны *конкорданс* деп атайды.

Қазіргі кезде корпустық лингвистиканың қолдану аясы бұрынғыдан да кеңейе түсті. Корпустық лингвистиканың негізгі түсінігін, оның бейнелейтін аясына қарай, корпустағы сақталатын ақпарат бірлігі тұрғысынан, оны әр түрлі негізде топтастыру мен құрастыру және т.б. қағидалары ұстаным етуіне қарай әр түрлі ұғынуға болады.

Жалпы алғанда, корпустарды келесі топтарға бөліп қарастыруға болады:

Құрылымдық дәрежесіне қарай:

- Электрондық архив (сыртқы есте сақтау таспадағы өңделмеген мәтіндер)
- Электрондық кітапхана (өңделген пішіндегі мәтіндер)
- Мәтіндер корпусы (мәтіндердің стандартталған, өңделген және әр пәндік саланы бейнелейтін жиынтығы)

Тілдердің қамтылу санына байланысты:

- Біртілді
- Екітілді
- Көптілді

Қолдану тәсіліне қарай:

- Зерттеу корпустары (көбінесе тілдік жүйелер қызметінің әр түрлі аспектілерін зерттеуге арналған)
- Көрнекілік корпустары (олар зерттеу жүргізілгеннен кейін ғана құрылады; бұл корпустардың мақсаты – алынған нәтижелерді растау және негіздеу). Мұндай қарама-қарсы қоюшылық корпустардың ерте даму кезеңіне ғана тән болғаны белгілі, себебі қазіргі кездегі корпустар әрі зерттеу жүргізу үшін, әрі көрнекілік үшін де қолданылуы мүмкін.

Динамикалық сипатына қарай:

- Тілдік жүйенің белгілі қалпын бейнелейтін статикалық корпустар
- Динамикалық (мониторлық) корпустар. Олар пәндік аяның процессуалды аспектісіндегі тілдік феномендердің белгілі уақыт ішіндегі қызметін айқындау мәселелерін қарастырады.

Индекстеуге қатысты:

- Белгіленбеген жай корпустар
- Белгіленген (аннотацияланған, мазмұндалған) корпустар. Қазіргі кездегі корпустар тек аннотацияланған болып келеді, себебі тек белгіленген корпустардан ғана қажетті ақпаратты іздестіруге, пайдалануға мүмкіндік бар.

Тіл формасына (тұрпатына) қарай:

- Жазба түрдегі корпустар
- Сөйлеу түріндегі (фонетикалық) корпустар

Корпустық лингвистиканың жетістіктерін өзіне сақтаған аса дамыған корпус түрі – *ұлттық корпус*. Мұндай корпус белгілі дәрежеде ұлттық тілді толық түрде бейнелейді. Ұлттық корпустың репрезентативтілігі (тұлғалылығы) – сол тілдің жазба және сөйлеу түріндегі мәтіндерінің барлық типтерінің бейнеленуі. Ұлттық корпустың айтарлықтай дәрежеде көлемді (ондаған, жүздеген, миллион сөзқолданыс) болуы репрезентативтілікке жетудің қажетті шарты болып саналады. Ұлттық корпустың ажыратылмас бөлігі оның белгіленген (аннотацияланған, мазмұндалған) бейнесі.

8-апта

Дәріс №15-16

Кейс-зерттеу әдісі

1. Кейс зерттеу туралы
2. Кейс зерттеуді жоспарлау және жүргізу
3. Кейс-зерттеудің артықшылықтары мен кемшіліктері

Кейс – анықтала алатын шекаралар арқылы айқындалуы мүмкін орын, нақты жағдай немесе объект.

Кейс-стади – жеке ахуалдың немесе жағдайдың жан-жақты сипатталуы мен талдануы арқылы әлеуметтік құрылымымыздың элементтерін талдау әдісі. Кейс-стади зерттеуі жеке дара немесе бірнеше кейс-стадилерді қамтуы мүмкін.

Кейс-стади зерттеуінің мәні оның тереңдігінде; ол сізден қазбалауды және терең қазбалауды талап етеді. Зерттегіңіз келетін адамның, оқиганың, қауымдастық тобының немесе ұйымның бай тәжірибесімен жұмыс істеу үшін детальдарға, контекске бойлауыңыз керек. Мақсат – кең ауқымды сауалнама зерттеуінің тереңіне бойлау.

Зерделенетін кейстер саны анықталғаннан кейін, нақты бір кейс немесе кейстер көбінесе зерттеушілердің ойындағы нақты бір мақсатына қарай стратегиялық процестер арқылы таңдалады. Кейстердің таңдалынуына әсер ететін факторлар:

- Прагматика
- Мақсаттылық
- Ішкі қызығушылық

Адамдармен жұмыс істегенде анық деректерге қол жеткізуіңіз сенім мен өзара түсіністіктің жоғары деңгейін қалыптастырады. Ұйымдардағы жұмысқа қатысты жазбаларға және құжаттарға қол жеткізе алуыңыз керек немесе кейске қатысы бар адамдармен сөйлесе алғаныңыз дұрыс. Іс жүзінде ұйымдық кейс зерттеу кейстің өз ауқымындағы респонденттерді іздеуді қажет етеді.

Қоғамдық ғылымдардағы жобалық зерттеуде кейс-стадилер жиі қолданады. Ғалымдар көбіне өздерінің әдіснамалық дизайндарын өзектілік пен тиімділікті арттыру мақсатында белгілі бір контекстпен шектейді. *Оның тиімді жағы:* кейстер бір жерде орналасады, яғни сапарға көп шықпайсыз, орындалуы оңай және шығындар шегерілген. Бірақ одан да маңыздысы, анық және жоғары маңызға ие контекст ауқымында ұзақ уақыт бойы бір тақырыппен шұғылдануы арқылы және өзара түсіну мен сенім қалыптастыру арқылы бүтін түсінік орнатуға мүмкіндік береді.

Ұзақ уақыт бойы бір тақырыппен шұғылдану және терең бойлаудың (кейс-стадидің ең жиі кездесетін элементтері) *қиындығы бар*. Біріншіден, қажет қолжетімділік деңгейін келісіп алу қиын болуы мүмкін. Екіншіден, кейс-стадилер бір немесе бірнешеу болғандықтан, әсіресе адамдарға қатысты зерттеуде талаптар күшейеді. Үшіншіден, зерттеушілер зерттелушілердің ықпалына ұшырауы мүмкін немесе керісінше болуы да мүмкін.

9-апта

Дәріс №17-18
Сауалнама әдісі

1. Сауалнама әдісі туралы
2. Сауалнаманы ұйымдастыру және жүргізу әдістемесі
3. Сауалнаманың артықшылықтары мен кемшіліктері

Сауалнама - нақты адамдар тобына сұрақтар қою арқылы алғашқы ақпаратты жинау әдісі. Зерттеушінің респондентпен анкета арқылы жүзеге асырылатын байланысына негізделген эмпирикалық зерттеуін әлеуметтанулық өлшеу тәсілі. Сауалнама мақсаты - жеке және қоғамдық санадағы құбылыстар немесе қарапайым фактілер, оқиғалар туралы ақпарат алу. Сауалнама ақпараттың дәлдігі мен жүйелігін қамтамасыз етеді. Бұл әдіс экономикалық тұрғыдан да тиімді, яғни оған шығын, уақыт және құрал аз жұмсалады. Сауалнаманың әртүрлі жолдары бар: қалыпқа түспеген (еркін сұхбат, т.б.) және қалыпты (алдын ала дайындалған сұрақтар көмегімен). Сауалнама өткізу жиілігіне байланысты бір рет және көп рет болып бөлінеді. Сонымен бірге сауалнама *жазбаша* және *ауызша* деп те бөледі. Сауалнама тиімділігі тұрақты сұхбат алушы және сауалнамаға қатысушылардың болуынан тәуелді. Жалпы сауалнама нәтижелері тек ғалымдарға ғана емес, сонымен бірге өкіметтік және қоғамдық ұйымдар өкілдеріне, жалпы қауымға да белгілі болады.

Сауалнама жүргізу – кісінің ерекшеліктері, өмірлік ұстанымы немесе пікірі туралы бірдей сұрақтарды жеке адамдарға қоятын сауалнама арқылы дерек жинау процесі. Француз ғалымы Мишель де Серто айтқандай, сауалнама барлық жерде бар. Нарықты зерттеу, саяси сауалнама, тұтынушыға қызмет көрсету туралы пікірді зерттеу, бағалау зерттеуі, қоғамдық пікірді зерттеу және әлеуметтік ғылымдардың зерттеуі деп жалғаса береді. Яғни бұқараның пікірін білгіміз келсе, сауалнама жүргіземіз.

Жақсы сауалнама жоспарлау

Кім, қайда, қашан, қалай және не деген сұрақтарды қарастыру

Жоспарлау барысында ескерілуге тиіс негізгі мәселелер:

- *Негізгі жиынтық және іріктеме/респондент/қатысушылар.*
- *Қолжетімділік.*
- *Жаңсақ түсініктеріңіз.*
- *Қабілетіңіз.*
- *Этикаға сай болу.*
- *Дерек.*
- *Детальдар.*
- *Күтпеген жағдайдар.*

Сенім тудыратын дерек жинаудың оңай жолы жоқ. Әсіресе сауалнама жүргізгенде мүмкіндік пен қиындық үнемі қатар келіп жатады. Мәлімет алу тұрғысынан сауалнама көп мүмкіндік бергенімен, оны қарапайым, түсінікті әрі арзан тәсіл деп айтуға келмейді. Әсіресе тиянақты зерттеу жүргізгісі келген адамға сауалнама шаршататын ауыр жұмыс болуы мүмкін.

Сауалнаманың жақсы жағы көп. Ол арқылы көп респондентті қамтуға, тіпті негізгі жиынтықты зерттеуге, салыстыруға, стандартталған, саналатын эмпирикалық деректер жинауға, ашық сұрақтар қою арқылы сапалық деректерді жинауға, құпиялықты және тіпті анонимдікті сақтауға болады. Сауалнаманың кемшілігі – сенім тудыратын әрі жалпылауға болатын деректерді жинауға мүмкіндік беретін сауалнама әзірлеп, оны жүргізу шын мәнінде қиын. Сауалнама жүргізудегі қиындықтар: өзіңіз қалаған сандық деректі жинау; егжей-тегжейлі дерек жинау; репрезентативті іріктемені таңдау; таңдаған адамдарыңыздың толық жауап беруіне қол жеткізу; статистикалық талдау әдісін білуді қажет етуі; тек өзіңіз қойғыңыз келген сұрақтарға ғана жауап алу; қосымша дерек қажет болғанда респонденттерге қайта бару.

10-апта
Дәріс №19-20
Сұхбат әдісі

1. Сұхбат әдісі туралы
2. Сұхбатты жоспарлау және жүзеге асыру
3. Сұхбаттың артықшылықтары мен кемшіліктері

Тыңдағанды ұнатамын. Мұқият тыңдаудан көп нәрсе үйрендім. Адамдардың көпшілігі ешқашан тыңдамайды.

Эрнест Хемингуэй

Сұхбат алу – белгілі бір тақырып аясы немесе мәселе бойынша сұрақтарға ашық жауап іздейтін, зерттеушілердің қатысуымен жүзеге асатын дерек жинау тәсілі.

Сұхбаттың сәттілігі жоспардың нақтылығына байланысты.

Сұхбат берушімен этика нормалары аясында сөйлесу мүмкіндігі – басты қиындықтың бірі. Шектен шықпай, қолда бар билікті қалай қолдана алатыныңыз туралы ойлану керектігі абзал. Төмендегі шарттарды ұмытпау керек:

- Ресми байланыс жолдары мен құралдарын қолдану, оларды айналып өтпеу;
- Байланыс орнату, бірақ адамның жеке басына тиіспеу;
- Этикаға қарсы әрекет жасауға итермелемеу, басшыларын айналып өтуді сұрамау, оның орнына хатшылар не жауапты қызметкерлер арқылы байланысу;
- Бос мақтауға бой алдырмай, сенімге негізделген қарым-қатынас орнату;
- Қолайсыздық туғызбау, қайта ашар есікті қатты жаппау;
- Өз тарапыңыздан бірдене ұсыну, бірақ қолдан келмейтін уәде бермеу.

Сұхбат үшін қажет қадамдар:

- Алдын ала дайындық
- Сұхбат берушіге барынша қолайлы жағдай жасау
- Негізгі сұрақтарға/тақырыптарға жол ашу
- Тепе-теңдік сақтау
- Сұхбатты қорытындылау және аяқтау
- Деректерді мүмкіндігінше тез жинақтап, реттеу
- Тақырыптық талдау

11-апта
Дәріс №21-22
Эксперимент әдісі

1. Эксперимент әдісінің ерекшеліктері
2. Эксперименттегі айнымалылар мен қатысушылар
3. Эксперименттегі этика мәселесі

Білімнің шынайы әдісі – эксперимент.

Уильям Блэйк

Эксперименттік дизайн – себеп пен салдарды жіті зерттеу әлі бақылау арқылы іздеу. Зерттеушілер тәуелсіз айнымалы (зерттеуіндегі негізгі детерминант деп сенетін әлдене) тәуелді айнымалыға (зерттеудің басты нысаны) әсер ете алатынын не әсер ете алмайтынын байқау үшін оны әртүрлі мәнге өзгертеді. Дәлірек айтқанда, Х-ті өзгертесіз, ол Y-ке әсер етерін-етпесін байқау үшін өзіңіз басқарып, құбылтасыз.

Экспериментті жүзеге қалай асырамыз? Бастапқы жоспар бірнеше шешім қабылдауды талап етеді:

- Тәуелді және тәуелсіз айнымалылар. Зерттеуіңізді және нені бағалығыңыз келетін (тәуелді айнымалы), негізгі зерттеу нысанын, сонымен бірге әсер тудыру

үшін өзіңіз басқарып, өзгертетін айнымалыларды (тәуелсіз айнымалы) анықтап алыңыз. Яғни IQ көрсеткіші балықты тұтынуға тәуелді деген гипотезаны ұсындыңыз. IQ көрсеткіші – тәуелді айнымалы, балықты тұтыну – тәуелсіз айнымалы. Айнымалыларды түрі бойынша осылай анықтап алу корреляциядан себеп-салдарға ауысу үшін маңызды.

- Өзгерісті бағалау
- Зерттеу ортасы
- Қатысушы саны
- Топ саны
- Топтарға бөлу стратегиясы
- Айнымалылардың саны
- Этика
- Ортаны бақылауда ұстау

12-апта

Дәріс №23-24

Лингвистикалық этнография

1. Лингвистикалық этнографияның тілді зерттеуге әдіснамалық және аналитикалық үлесі
2. Лингвистикалық этнография пәнаралық зерттеу ретінде дағы сұрақтар мен басты мәселелер
3. Лингвистикалық этнографиядағы әдістер туралы

Этнографияны «мәдени топ қатысушыларының көзқарасы тұрғысынан өмір сүру салтын түсіну, сипаттау және түсіндіру мақсатында мәдени топтарды зерттеу» деп сипаттауға болады. Этнографияның сөзбе-сөз мағынасы «мәдениетті жазу» дегенді білдіреді. Бұл ғылым саласы өмір сүру салтын сол топ өкілдерінің көзқарасы тұрғысынан зерттейді. Мәдениетті осыған дейін қалыптасқан қағидалар шеңберінде бағалаудан қашуға немесе белгілі бір дүниетаным тұрғысынан ғана зерттеуге тырысады. Яғни қандай да бір мәдениет өкілдері әлемді қалай қабылдаса, сол көзқарас тұрғысынан қарап, солардың түсінігімен әлем туралы түсінік қалыптастырады. Дәлірек айтқанда, этнографтар орынсыз сын айтудан бойын аулақ ұстайды. Мәдениет ауқымындағы мән-мағыналарды түсіндіру үшін сол мәдениет ортасында өмір сүретін адамдардың символикалық әлемін ұғуға тырысады.

Этнография мәдени антропологиядан бастау алады, әсіресе мінез-құлық пен мән-мағынаны қалыптастыратын негізгі қағидаларды ашып көрсете алатын жалғыз жол толық сипаттау деген пікірді айтқан Клиффорд Гирцтің еңбектерінен тамыр тартады.

Этнографиялық зерделеу түсінуді, жаңалық ашуды, сипаттауды және түсіндіруді қамтиды. Этнографияға қатысты айтылатын ең көп сын – этнография сипаттап қана қояды дейтін пікір. Бірақ мінез-құлықты да және мән-мағынаны да қалыптастыратын негізгі қағидаларды ашып көрсете алатын толық сипаттау да жаңалық ашу мен түсіндіру әрекеті іспетті екенін естен шығармау керек.

Этнографиялық зерттеу зерттелушінің өмір шындығын түсінуге тырысатындықтан, олар әдетте сан алуан деректі жинау стратегиясына сүйенеді, табиғи жағдайдағы мәдени топтарды зерделеумен айналысады, ұзақ уақыт зерделеу мен табанды бақылау арқылы мәдениетке сіңіседі. Зерттеу процесі өзгерістерге икемделеді, уақыт өте қалыптасады және мәдени топтардағы өмір шындығы анықталғанына қарай зерттеуді дамытуы мүмкін. Этнография, негізінен, антропологиялық зерттеуде қолданылатын әдіснама болғанымен, оның принциптері кең ауқымды кентекстерде пайдаланылуы мүмкін.

Этнографтың мақсаты – толық сипаттау, бай әрі рефлексивті түсіндірме беру. Кейбір этнографтар дерек жинау әдісімен ғана шектелгісі келеді. Сондықтан да деректер жинау сан алуан әдіске сүйенеді. Ол әдіс әбден жетілгенше тоқтамау керек. Бұл деректер сандық

деректерді де қамтығанымен, символикалық әлемнің байлығын жан-жақты сипаттай алу үшін, этнографиялық деректің басым бөлігі сапалық болуы мүмкін. Деректерді жинақтау үшін мына қадамдарды ұмытпаңыз:

- Бақылау
- Сұхбат алу
- Құжаттарды талдау
- Сауалнама жүргізу

Мәдениетке дендеп ену мәдени топтардың құндылықтарын, нормаларын, символдарын, сенімдері мен тәжірибелерін ауқымды да терең зерделейді деп сенетіндіктен, ғалымдар этнографиялық зерттеулерді жиі қолданады. Бұл зерттеушілерге осыған дейін қалыптасқан теориямен диалог орнатып, жаңа теорияны дамытатын тың ойларды қалыптастыруға жағдай жасайды. Сондай-ақ, этнографтар сан алуан дүниетанымның маңызымен қатар, зерттелушінің көзқарасынан түсініктер құрап шығудың құндылығын да мойындайды.

Мәдениетке дендеп енуді қажет ететін зерттеу түрлеріне тән кейбір қиындықтар этнографияда бар. Бұған ақпаратқа қол жеткізе алу және сенім тудыру, эмоция жұмсау; зерттелушіге ықпал ету ықтималдығы және зерттелініп жатқандарға талап қою жағдайлары кіреді.

13-апта

Дәріс №25-26

Интернет зерттеудің құралы және дереккөзі ретінде

1. Интернеттегі іздеу жолдары
2. Интернеттегі деректер
3. Вебсайттарды пайдаланудағы негізгі қағидалар: дәлдік, беделділік, объективтілік, ағымдылық

Ақпаратты іздеу - қайсыбір құжаттар жиынынан берілген тақырыпқа арналғандарын, алдын ала анықталған іздеу (сұраныс) шарттарын қанағаттандыратын немесе қажетті (ақпараттық қажеттілікке сай) мәліметтерден тұратын құжаттарды табу үдерісі.

Іздеуді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты жинауға, өңдеуге және ұсынуға бағытталған амалдар тізбегін орындау керек.

Іздеудің түрлері

1. *Толық мәтінді іздеу* – құжаттың бүкіл мазмұны бойынша іздеу. Толық мәтінді іздеуді жүзеге асыратын программа – кез келген іздеу жүйесіне жатады, *мысалы*: www.Kaz.kz, www.google.kz.

Іздеу жүйесі – бұл өздеріне кездесетін web-парақтармен байланысты түйін сөздердің үлкен қоры. Іздеу жүйесіне сұраныс жіберу керек. Ол үшін, іздеу жүйесінің іздеу жолында түйін сөз немесе бірнеше сөз, сөз тіркесі теріледі. Іздеу нәтижесінде терілген сөздер мен сөз тіркестері кездесетін барлық web-парақтардың адрестік сілтемелері беріледі. Тұтынушы іріктеу нәтижесінде неғұрлым дәл сұраныс жасаса, ол соғұрлым толық және дәл ақпарат алады.

Іздеу үдерісі барысында қолданушыға іздеген, қажет ететін ақпараттан артық ақпарат ұсынылуы мүмкін. Сондай-ақ, табылған ақпараттың қайсыбір бөлігінің жасалған сұранысқа ешқандай қатысы болмауы да ықтимал. Мұның бәрі дәл тұжырымдалған сұранысқа ғана емес, сонымен қатар, әртүрлі болып келетін іздеу жүйелерінің мүмкіндіктеріне де тәуелді болады. Тағы бір еске алатын нәрсе, мәліметтердің көптігінен, басты, өзімізге қажеттісін ескермей қалуымыз да мүмкін.

Іздеу жүйелерінің көптілі қолдау мүмкіндігі, яғни, сұраныстарды түрлі тілде өңдеу қабілеттілігі, көбінесе мәтіннің фрагменттерін тез аудару үшін қолданылады. Қолданушыларға екі тілді сөздіктер, электронды аудармашы және т.б. ұсынылады.

Алайда, іздеу жүйелері үш бөліктен: робот, индекс және сұранысты өңдеу программасынан тұрады.

Робот – бұл web-парақтарды аралап, олардың мазмұнын (толығымен немесе бөліктерге бөліп) оқитын программа.

Роботтар web-парақ мәліметтерін толығымен немесе ішінара оқиды. Web-парақтардың мазмұнын талдауда әртүрлі іздеу жүйесіндегі роботтардың өзіндік принципі бар.

Индекс – бұл үлкен мәліметтер мұрағатынан да үлкен. Бұл мұрағатта роботтар қатынасқан барлық web-парақтар туралы ақпараттар және сол парақтардың көшірмелері сақталады. Әрине іздеу жүйесіндегі индекстер көлемі үлкен болуы қажет. Неғұрлым индекс көлемі үлкен болған сайын, соғұрлым қолданушы іздеу барысында толық ақпаратқа қол жеткізе алады. Көшбасшы іздеу жүйелерінің мәліметтер қорлары ондаған миллион құжат туралы мәліметтер сақтай алады, ал олардың индекстерінің көлемі жүздеген гигабайтты құрайды. Индекстер тұрақты жаңартылып және толықтырылып отыратындықтан, іздеу жүйесінің бірдей сұраныс бойынша әр уақытта жүргізген іздеу жұмыстары әртүрлі нәтиже беруі мүмкін.

Сұраныстарды өңдеу программасы – бұл қолданушының сұранысына сәйкес индекстерді қажетті ақпараттың бар – жоғын «қарап шығып», табылған құжаттарға сілтемелер қайтаратын программа.

Сұранысты өңдеу программасының сілтемелер тізімін шығаратын принципі бар ма?

1. Интернетте ақпаратты іздеу барысында сендер іздеу жүйесінің сұраныстарына сәйкес сайттарға сілтемелерді рет – ретімен іріктеп қоятынын байқаған боларсыңдар. Әдетте сұранысты өңдеу программасы, сұраныс мазмұнына сәйкес принципі бойынша сайттарды іріктейді. Басқа сөзбен айтқанда бірінші жолда, сұранысты өңдеу программасы сендерге қажетті ақпараттарды шығарады. Сондықтан берілген сілтемелерді көруді бірінші парақтан бастау қажет.

2. *Метадеректер бойынша іздеу* – құжаттың операциялық жүйе қолдайтын белгілі атрибуттар бойынша іздеу. Атрибуттарға құжаттардың атауын, құрылған датасын, көлемін және т.б. жатқызуға болады. Бұндай іздеуді сендер дискідегі файлдық жүйеде файл атауымен іздегенде қолданасыңдар.

3. *Кескіндерді іздеу* – суреттің мазмұны бойынша іздеу. Бұл іздеудің ең күрделі түрі, өйткені, файлдың атрибуты бойынша іздеуге қарағанда, кескінді пиксельге «бөлу» және оның мазмұнын анықтау қиынырақ болады. Іздеудің бұл түрінде, іздеу жүйесінде қолданушының жүктеген немесе URL-кескінге енгізілген кескіннің мазмұнын танып білу қажет. Қазіргі іздеу жүйелері мұндай қиындықтарды сәтті шешіп шығады және сұранысқа сәйкес кескінді береді.

Іздеу ідәстері

Іздеу әдістеріне адрестік, семантикалық, құжаттық және фактографиялық іздеулерді жатқызуға болады.

Адрес бойынша іздеу – сұраныстағы көрсетілген таза формалды белгілер бойынша құжаттарды іздеу үдерісі.

Семантикалық іздеу – құжаттарды олардың мазмұны бойынша іздеу үдерісі.

Құжаттық іздеу – бірінші деңгейлі құжаттардың ақпараттық – іздеу жүйесінің мәліметтер қоймасынан немесе қосымша құжаттардың мәліметтер қорынан қолданушының сұранысына сәйкес іздеу үдерісі.

Фактографиялық іздеу – фактілерді ақпараттық сұранысқа сай іздеу үдерісі.

Фактографиялық мәліметтерге құжаттан ажыратылып алынатын және тікелей пайда болу көздерінен алынатын мәліметтер жатады.

Ақпаратты іздеу үшін халық көбіне Интернет пен ақпараттық жүйелерді қолданады.

14-апта

Интернет зерттеудің құралы және дереккөзі ретінде
Дәріс №27-28

1. Вебсайттарды пайдаланудағы негізгі қағидалар: дәлдік, беделділік, объективтілік, ағымдылық

2. Google Scholar және тағы басқа академиялық дереккөздерді пайдалану әдістемесі

Google Scholar - ғаламтордағы ғылыми және академиялық мақалаларды табудың тамаша тәсілі; олар жоғарыда зерттеледі, сіз өзіңіз ойлайтын іс жүзінде кез келген тақырыпқа терең суға батыру үшін қолдануға болатын теңдесі жоқ мазмұн. Міне, бәрі бірдей:

«Бір жерден сіз көптеген пәндер мен дереккөздер бойынша іздей аласыз: академиялық баспагерлерден, кәсіптік қоғамдардан, презентациялық репозиторийлерден, университеттерден және басқа да ғылыми ұйымдардың теңдесі жоқ мақалалар, тезистер, кітаптар, рефераттар және мақалалар. ғылыми зерттеу әлеміндегі ең өзекті зерттеулер.

Google Scholar көмегімен ақпарат қалай табуға болады?

Google Scholar-ге әртүрлі тәсілдермен ақпаратты іздеуге болады. Сіз іздеген автордың кім екенін білетін болсаңыз, олардың атын көріңіз:

barbara ehrenreich

Сіз іздеген жарияланымның атауымен іздеуге болады немесе **Кеңейтілген Іздеу** бөліміндегі санаттарды қарап шығу арқылы іздеуді кеңейте аласыз. Сіз сондай-ақ тақырыптық мәселе бойынша ғана іздеуге болады; мысалы, «жаттығуларды» іздестіру көптеген іздеу нәтижелерін әкелді.

Google Scholar іздеу нәтижелері нені білдіреді?

Google Scholar іздеу нәтижелеріңіз сіз үйренгендеріңізден біршама ерекшеленетінін байқайсыз. Google Scholar іздеу нәтижелерін жылдам түсіндіру:

- мақаланың сілтеме тақырыбы толық мақалаға (егер бар болса) немесе дерексізге (қысқа нұсқа) өтеді.

- «сілтеме»; бұл нақты мақаланы келтірген басқа мақалалардың немесе мақалалардың саны (бұл сіздің қызығушылығыңызға қосымша мақалалар табудың жақсы жолы).

- Кітапхана немесе сыртқы дерекқор сілтемелері: кейбір Google Scholar іздеу нәтижелерінде «кітапханалық іздеу» сілтемесі немесе «оны (кітапхананың атын осында келтіріңіз) табыңыз» деген сілтемені көре аласыз. Сізге жергілікті кітапханаңызда сіз іздеген нәрсенің желідегі немесе дербес көшірмесі бар ма, егер сізде ақпараттық дерекқор болса немесе сіз Google Scholar-мен іздеген университетте мақаланың нақты көшірмесі болса.

- «топ ...» - бұл қарап отырған нәрсеге ұқсас көптеген мақалаларға қол жеткізудің тағы бір жолы.

Google Scholar Shortcuts

Google Scholar аздап басым болуы мүмкін; мұнда өте егжей-тегжейлі ақпарат бар. Мұнда оңайырақ айналып өтуге болатын бірнеше төте жолдар:

- **ehrenreich кедейлік**: Егер сіз авторлық қағаздың жалпы тақырыбын білсеңіз, тек өзіңіздің аты-жөніңізді тақырыппен теріңіз.

- **«barbara ehrenreich»**: Егер белгілі бір авторлық жұмыстарды іздесеңіз, тырнақшаға толық аты-жөніңізді (немесе тегі бойынша аты- **жөнді**) енгізіңіз.

- **author: ehrenreich**: Автордың жұмыстарын қайтару үшін автордың операторын пайдалана аласыз.

- **Google Scholar Advanced Search**: Кейбір себептермен Google Scholar Кеңейтілген іздеу ішінде ғана жасайтын бірнеше амал бар. Мәселен, белгілі бір

жарияланымнан тақырып іздесеңіз, тақырыбыңызға «Барлық сөздерді бар мақалалармен табу» жолағында және «Жариялау - мақалада жарияланған мақалаларды» жолағында жариялауды енгізіңіз. Дұрыс, бірақ мақсатты нәтижелерді қайтарудың керемет тәсілі.

▪ **Күндерді шектеу** : Сіз іздеген нәрселеріңізді шектеу үшін Google Scholar Кеңейтілген іздеу қызметін де пайдалана аласыз; «Аймақ арасында жарияланған» Күні-қайтарылған мақалалар »бөлімінде қалағаныңызда ғана енгізіңіз. Сізде белгілі бір уақыт аралығында іздеудің мүмкіндігі бар; мысалы, 2014 жылдан бастап, немесе қарап шығатын нақты күндерді ғана енгізуге болады.

15-апта

Дәріс №29-30

Зерттеулердегі этика және адалдық

1. Зерттеу келісімшарттары, пратика кодекстері, хаттамалар және ақпараттандырылған келісім принципі
2. Құпиялылық пен анонимдік мәселелері

Адал зерттеу жүргізуде этиканың маңызы ерекше. Билік жауапкершілікті артады. Зерттеуші ретінде «зерттелушілер» алдында толық әрі шынайы жауапкершілік тұрады. Респонденттердің психикалық және физикалық саулығы толық сақталуы керек. Соның бәрін түсіну, жауапкершіліктің құқықтық, моральдік және этикалық талаптарына сай болуын қадағалау – кез келген зерттеуші үшін міндетті шарт.

Зерттеушінің құқықтық міндеттемелері екі бағытта жүреді. Біріншісі – этика жөніндегі комитет. Этикалық рұқсат алуға өтініш бергенде түрлі проблемалар туындайтыны айғақ. Комитет рұқсат бермей тұрып түрлі келенсіз жағдайларға қатысты стратегиялар мен хаттамаларды ұсынуы керек. Зерттеушінің басты міндеті хаттамаларды ұстануы. Екінші кеңесші – зерттеушінің жетекшісі. Яғни, қалай әрекет етуді білмейтін жағдай туындаса, міндетті түрде жетекшіден кеңес сұрау керек.

Зерттеу жүргізген кездегі кейбір моральға қатысты түсінік мыналарды қамтиды:

- *Саналылық*. Зерттеу жүргізуге қатысты кез келген шешім қабылдау кезінде, ең алдымен, респонденттер мен қатысушылардың мүддесін қаперде ұстау керек.
- *Шыншылдық*. Зерттеуші ашық, шыншыл болуы керек, зерттеу процессі айқын болуы тиіс.

Әдетте этика моральдік міндеттемелерге сүйенеді, бірақ ненің әділ, дұрыс, ал ненің бұрыс екенін кәсіби тұрғыда анықтайды. Этика – рұқсат етілген іс-қимылдарды көрсететін мінез-құлық принципі немесе ережесі. Зерттеу жүргізгенде этикалық нұсқаулық кәсіби кодекске, пәнге, мекемеге қарай бейімделеді, бірақ, негізінен, келесі салаларды қамтиды:

- *Респонденттер ақпараттан хабардар болып, келісім бергеніне кепіл беру*. Келісім бергенде қатысушылар мәселеден хабардар екеніне көз жеткізу үшін олардың мына қабілеттерге ие болуы маңызды: *білікті* – қабілетті, кемел; *дербес* – өздігінен таңдау жасай алады; *ерікті* – ешкім қысым жасап, күш көрсеткен жоқ; *бас тарта алады* – зерттеуге қатысуды жалғастыруға ешкім міндеттемейді (немесе қысым жасамайды); *алданбаған* – зерттеу сипаты, оның қолданылатын жері ашық әрі шынайы екенін біледі; *ешкім мәжбүрлемеген* – жеке тұлғаларды қатыстыру үшін күш қолданбаған; *ықпал жасалған жоқ* – қатысқан адамға бөлген уақыты мен жұмсаған күш-жігері үшін өтемақы беруге тыйым салынбаған, бірақ солай ынталандыру қатысушының ой-пікіріне ықпал етпеуі керек.
- *Респонденттерге еш залал келмейтініне кепілдік беру*. Бұған эмоциялық, психологиялық және физикалық залал жатады.
- *Құпиялылықты, (қажет болса) анонимдікті қамтамасыз ету*. Құпиялық зерттеуге дерек берушілердің жеке тұлғасын қорғауды білдіреді; барлық мәлімет тек зерттеушіде қалуы керек. Кісіні жасыру үшін бүркеншік ат қолдану жеткіліксіз.

Анонимді жолмен жинақталған ақпарат, дерек немесе жауап қандай да бір респондентке тиесілі екені ешбір әдіспен анықталмауы керек.

Ескеретін жай, этика жөніндегі комитеттерде рұқсат беру процесі бар, онда зерттеуді этикаға сай жүргізу шекарасын анықтап береді.